

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гүлзахира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.10-14.10.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

қабылдау	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпактарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйымдастырылған оку қызметі кезінде оку құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кездे, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қоюға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға белгіленген тәртіп бойынша киініп- шешіну дағдыларын менгерту.
	"Тұрлі-тұсті жолақтар" дидактикалық ойны. Мақсаты: тұстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойны. Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	Шаттық шенбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа	"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойны. Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	"Күз" мезгілі туралы әңгімелесу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көрү. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жаяп беру.

			<p>тәрбиелеу.</p> <p>Аманбысың, алтын күн!</p> <p>Аманбысың, жарқын күн!</p> <p>Маған жылу, жарық бер,</p> <p>Қуаныш пен шаттық бер.</p>		
Таңтеренгі жаттығу	<p>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қымыл белсенділігі)</p> <p>1. Б.қ. аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Б.қ. аяқ алшақ, дene тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне", "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Б.қ. аяқ алшақ, дene бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Б.қ. аяқ бірге, дene бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Б.қ. алақан ашып "міне" деген сөзді айтады (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Таңғы ас	<p>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балалардың тамақты кішкене бөліктеге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>				

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Қандай шырын?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.</p> <p>Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады.</p> <p>Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".</p>	<p>"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: ағаштарды діндері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын дамыту.</p> <p>Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады.</p> <p>Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды.</p>	<p>"Күз" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту.</p> <p>Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және т.б.) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды.</p> <p>Мысал: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және т.б.</p>	<p>"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдана білуге үйрету.</p> <p>Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", т.б., Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты</p>	<p>"Қай көгөністі жіберіп алдық?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту.</p> <p>Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, оның бүгінгі тұган күні екенін түсіндіреді. Қонақтар келіп көптеген сыйлықтар экелді. Ересек адам қоянның алдына көгөністер-сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды.</p>
---	--	--	---	---	---

				Қояды.	
Білім беру үйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Айнала алтын күз". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың үшімен және өкшемен жүргүй іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүргүй дағдыларын бекіту, оқу қызметін қорытындылау. "Орнынды тап" кимылды ойыны. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны. Мақсаты.	Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың үшімен және өкшемен жүргүй жаттықтыру; сапқа өз еріктірімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүргүре үйрету және допты лактыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" кимылды ойыны.	Музыка "Себеттегі жемістер" Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратада білуге үйрету; дыбыс үзактығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен ажырат".	Дене шынықтыру "Ас - адамның арқауы". Мақсаты. Балаларды педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың үшімен және өкшемен жүргүй, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсү және аяқтың үшімен денелерін тік ұстап жүргүй, шенбер құрауда қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүргүй, допты лактырып, ұтып алу дағдыларын дамыту. "Өзіңде жұп тап" ойыны.	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Сәбіз". Мақсаты. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл-сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын,
Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың үшімен және өкшемен жүргүй жаттықтыру; сапқа өз еріктірімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүргүре үйрету және допты лактыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" кимылды ойыны.	Мұсіндеуден ойын-жаттығу. "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-				

	<p>Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білімдер аясын кеңейту.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Жеміс-көгөніс".</p>	<p>көгөністер".</p> <p>Мақсаты. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұфымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>"Жаңбыр жауса - тұрмайық".</p>		<p>көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту.</p> <p>Саясақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".</p>
2- таңғы ас	Тагамның атаяны есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атаяға, өз шкаfyын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуен	<p>Пошташының жұмысын бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес</p>	<p>Сауысқанды бақылау. Мақсаты: күздің басындағы құстардың тіршілігі туралы білімдерін байыту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек</p>	<p>Күзгі жаңбырды бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Ересек адамдармен (сүрлеу жолды</p>

	<p>қалыптастыру; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен күрметке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).</p> <p>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы құш-жігермен орындауға қол жеткізуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапырақтың түсі", "Мен атаған затқа жүгір".</p> <p>Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруге үйрету; ағаштардың атауын</p>	<p>қосу; сипырушының жұмысына деген қызығушылық пен күрметке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).</p> <p>Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерде жинау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр".</p> <p>Мақсаты: ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту;</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>тапсырмалары (қоқысты белгілі жерге жинау).</p> <p>Мақсаты: балаларды тырнауыш және сипыргышпен жұмыс істеуге үйрету, өз жұмысының нәтижесін көру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр".</p> <p>Мақсаты: әртүрлі бағытта жүгіруді үйрену.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, шенбер бойымен жүгіріп, белгіге тоқтауға үйрету.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кулаған жапырақтарды жинау)</p> <p>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқан".</p> <p>Мақсаты: кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.</p>
--	---	---	---	--

	<p>бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозгалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>серуендеуден эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру.</p>				
Серуенниен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Тұскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; шанышқыны саусақпен және ортаңғы саусақтармен ұстай қабілетін жақсарту үшін, жоғарғы бөлігін сұқ саусақтармен ұстай отырып, қолдарындағы шанышқының орнын өзгертпестен, тек қолды сәл айналдыру іскерліктеріне үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш үййіттауына жағымды жағдай туғызу; (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Күз келді". Мақсаты. Балаларды	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күзгі қоректер".	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Себеттегі жемістер".	Вариативті компонент/Әлеумет "Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны.	"Кім тез жинайды?" дидактикалық ойыны.

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>"Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқияттыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. "Күз кереметтерін тап" ойыны.</p> <p>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.</p>	<p>Мақсаты. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" деген үғымдарды ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Тышқан мен тиінді қоректендірейік".</p>	<p>Мақсаты. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу.</p> <p>"Нениң төлі жок?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: үй жануарларын ажыратада білуге, олардың төлдерін ажыратада білуге, жануарларды құте білуге, қамқорлыққа</p>	<p>Мақсаты. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>"Жемістер мен көгөністер дүкені" ойыны.</p> <p>"Сыңарын тап" дидактикалық</p>	<p>Мақсаты: көкөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.</p>
---	--	---	--	---	---

		<p>тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>ала білуге тәрбиелеу.</p>	<p>оыйны. Мақсаты: балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу.</p> <p>Мақсаты. Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>"Күзде" (Ескен Елубаев)</p> <p>Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп?</p> <p>Күткен күзім келдің бе</p> <p>Сыңсып бағын</p>	<p>"Күзде" тақпағын жаттау.</p> <p>Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>"Күзде" (Ескен Елубаев)</p> <p>Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп?</p> <p>Күткен күзім келдің бе</p> <p>Сыңсып бағын</p>	<p>"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті оыйны.</p> <p>Мақсаты: балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру.</p>	<p>"Үй құрылышының ретін көрсет" дидактикалық оыйны.</p> <p>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.</p>	<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық оыйны.</p> <p>Мақсаты: сөздік қорларын ойнышық атауларымен толықтыру.</p>

	<p>Бұлттар, Тұрмай ауа бер, Жаңбыр бол да, Жаяу бер.</p> <p>Жазыққа бар, Тауға бар. Бақшаға бар, Бауға бар. Белес-белес белге бар, Сусап жатқан шөлге бар.</p> <p>Әр тамшынды үллессін, Шалғын қаулап Гүл өссін!</p>	<p>мәуелеп?</p> <p>Қамба толдық астыққа, Алғыс саған, алтын куз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!</p>		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуен	Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қымыл-қозгалыс ойындары: "Шарларды домалату", "Допты қақпаға түсіру" (3-4 рет ойнатылады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	Тағамның атаяуын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жаксы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза			

	iшүге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)								
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Музикалық аспаптармен ойындар.</p> <p>Балалардың өздері құрастырган ертегісін тыңдау.</p> <p>Логикалық ойындар.</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>								
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">"Ойыншықты тап" дидактикалық ойны.</td> <td style="width: 25%;">Кенес. "Саусақ жаттығулары".</td> <td style="width: 25%;">Ата-аналарға кенес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары"</td> <td style="width: 25%;">"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әнгімелесу.</td> </tr> <tr> <td>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.</td> <td>Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.</td> <td></td> <td>"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әнгімелесу.</td> </tr> </table>	"Ойыншықты тап" дидактикалық ойны.	Кенес. "Саусақ жаттығулары".	Ата-аналарға кенес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары"	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әнгімелесу.	Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.		"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әнгімелесу.
"Ойыншықты тап" дидактикалық ойны.	Кенес. "Саусақ жаттығулары".	Ата-аналарға кенес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары"	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әнгімелесу.						
Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.		"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әнгімелесу.						

Әдіскер: А.А.Сулейменова